


## МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі №03-4279 Шығыс хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 22.02.2024 жылғы үкіметтік емес ұйымдарымен өзара іс-қыймыл жөніндегі **Үйлестіру кеңесінің** отырысында кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған **10 әлеуметтік жоба** мақұлданған.

Осыған орай, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылатын басқа әлеуметтік жобалармен қатар «Мектептерде жанжалдарды шешу және агрессор балаларды оңалту үшін медиация және ресторативті әділеттілік» тақырыбында 2025-2026 жылдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа ұсыныс беруді тапсырамын.

*Қосымша: 3*


Басшы



М.Сванов

Орындаған: Джамбулбаева  
Тел: 2-14-10

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«АППАРАТ АКИМА  
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»**

080008, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 125 үй  
тел: 8 (7262) 43-25-18, факс: 45-46-28  
e-mail: obl.kense@zhambyl.gov.kz

080008, город Тараз, проспект Абая, дом 125  
тел: 8 (7262) 43-25-18, факс: 45-46-28  
e-mail: obl.kense@zhambyl.gov.kz

№

03-4279 от 1.05.2024

**Тараз қаласы мен  
аудандардың әкімдеріне**

**Мемлекеттік органдардың  
басшыларына**

Жамбыл облысының әкімдігі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 24.05.2024 жылғы №3-05-4/3494-И хатына сәйкес төмендегілерді хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 22.02.2024 жылғы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі **Үйлестіру кеңесінің** отырысында көмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған **10 әлеуметтік жоба** тақырыптары мақұлданған.


Осыған орай, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылатын басқа әлеуметтік жобалармен қатар «Мектептерде жанжалдарды шешу және агрессор балаларды оңалту үшін медиация және ресторативті әділеттілік» («Медиация и ресторативное правосудие в школах для разрешения конфликтов и реабилитации детей-агрессоров») тақырыбында 2025-2026 жылдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа қаржы қарастыру бойынша ұсыныс беруді тапсырамын.

*Қосымша: 2 парақ.*

**Жамбыл облысы әкімінің  
бірінші орынбасары**

**Н. Календеров**

*Р. Садырқұлов*  
тел.: 8 (7262) 43-88-05





010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерства»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

**Облыстардың, Астана, Алматы  
және Шымкент қалаларының  
әкімдіктері**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының 2023 жылғы 2 ақпандағы №23-63-8.19 берілген балаларға және кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі **хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында**, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице – министрі Д. Қадыровтың 2024 жылғы 22 ақпанда төрағалығымен өткен үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі **Үйлестіру кеңесінің** (бұдан әрі – үйлестіру кеңесі) отырысында берілген ұсынымдар негізінде кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі жобаларды іске асыру және қаржыландыру жөнінде **шаралар қабылдау қажеттігіне** назар аударады.

Жоғарыда аталған хаттама шеңберінде кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған **10 әлеуметтік жоба мақұлданды.**

Үйлестіру кеңесінің шешімімен жергілікті атқарушы органдар **жергілікті бюджеттен гранттарды қаржыландыру** мәселесін қарауы қажет.

Жоғарыда аталған әлеуметтік жобалардың іске асырылуын қамтамасыз етуді үйлестіретін әдістемелік орталық ретінде **"Өркен" балалардың әлауқатының Ұлттық ғылыми-практикалық институты** анықталды.

**Іске асыру кезеңдері:**

**1 кезең** (2024 жылғы 25 желтоқсанға дейін) – жобаны дайындау, 2025-2026 жылдарға қаржыландыру бөлу;

**2 кезең** (2025-2026 жылдар) – жобаларды іске асыру;

**3 кезең** (2026 жылғы 1 желтоқсан) – қорытындылау.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған **өңірлерге бекітілген мынадай әлеуметтік жобалардың іске асырылуын қамтамасыз етуі** қажет:

- **Абай, Ақтөбе облыстары** - «Ерте анықтау: агрессивті мінез-құлқы бар балаларды қолдау»;

- **Атырау, Ақмола облыстары** - «Агрессор-балалармен жұмыс жүргізу үшін өнер арқылы терапия пайдалану»;

- **Батыс Қазақстан, Алматы облыстары** – «Спорт агрессор-балаларға балама ретінде: агрессияны анықтау және сындарлы мінез-құлқыты дамыту»;

- **Жамбыл, Қарағанды облыстары** – «Мектептерде жанжалдарды шешу және агрессор балаларды оңалту үшін медиация және ресторативті әділеттілік»;

- **Қызылорда, Қостанай облыстары** – «Әр түрлі іс-шаралар мен бағдарламалар арқылы агрессор балалармен жұмыс істеу үшін жастар ұйымдарымен және клубтармен серіктестік»;

- **Маңғыстау, Павлодар облыстары** – «Агрессор балаларға ересек тәлімгерлерден қолдау мен менторлық»;

- **Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары** – «Тұрмыстық, жыныстық, психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға мамандандырылған көмек көрсететін құрбан болған балаларды қолдау орталықтары»;

- **Шығыс Қазақстан, Жетісу облыстары** – «Балалардың зорлық-зомбылық пен қорқытуға қарсы іс-қимылын үйретуге, сондай-ақ қолжетімді ресурстар мен қолдау туралы ақпарат беруге бағытталған интерактивті білім беру ресурстары»;

- **Ұлытау облысы және Астана қаласы** – «Қауіпсіз және сыйлы орта құру жөніндегі жұмысқа мектеп қауымдастықтарын белсенді тарту үшін мектеп қауіпсіздік комитеттерін құру»;

- **Алматы, Шымкент қалалары** - «Халықтың назарын аудару және балаларға қатысты қатыгездік туралы хабардарлығын арттыру жөніндегі науқанды өткізу».

Баяндалғанның негізінде ағымдағы жылғы 27 мамырға дейінгі мерзімде:

- жобаны іске асыруға жауапты білім басқармасының маманын анықтау және Министрлікке ақпаратты (аты-жөні, лауазымы, байланыстары) жолдау;

- Министрлікке жоспарланған шаралар туралы хабарлау.

**Вице -министр**

**Е. Оспан**

Орын.: Ж.Нұржан тел.: 8 7172 74 19 94